



БІР РЕТ ҚОЛДАНЫЛАР ЫДЫСТАН Бас тартыңыз



Құрметті достар,

Баршаңызды шын жүректен «Бір рет қолданылар ыдыстан бас тартыңыз» акциясына қатысуға шақырамын.

Бүгінгі күні әлемде климаттың өзгеруінің және экологиялық проблемалардың, әсіресе бір рет қолданылатын материалдарды, оның ішінде пластикті пайдалануға байланысты күрделі мәселелер өршіп тұр.



Пластик біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналғаны рас. Бірақ оның беріктігі мен пайдаланудың қарапайымдылығы қоршаған ортаға үлкен шығын әкеліп отыр.

Біздің орталық проблемаларды шешуге және планетамызды сақтауға көмектесетін шешімдерді ұсынуға тырысады және әрқайсыңызды экологиялық саналы таңдау жасауға шақырады.

«Бір рет қолданылатын ыдыстан бас тартыңыз» науқаны сізге болашақ ұрпақ үшін планетамызды сақтау жолында белсенді болудың бірегей мүмкіндігін ұсынады.

Сондықтан мен баршаңызды осы маңызды өзгеріс сапарына қосылуға шақырамын. Біз барлығымыз бірге жасыл және гүлденген әлемді құра аларымызға сенемін!

АҒАБЕКОВ ОЛЖАС ПЕРНЕХАНҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

“Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар ортылығы” КЕАҚ



ПЛАСТИК МӘСЕЛЕСІ



Пластикалық қалдықтар, әсіресе бір рет қолданылатын пластик біздің планетамызға және адам денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Пластмасса - климаттың өзгеруінің негізгі драйверлерінің бірі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мәліметтері бойынша, барлық пластиктің 20%-дан кемі ғана қайта өңделеді. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметі бойынша, 2050 жылға қарай шамамен 12 миллиард тонна пластик қалдықтар полигондар мен қоршаған ортаға түседі. Бұл жалпы шығарындылардың 15% құрайтын парниктік газдар шығарындыларына әкеледі. Пластикалық басқару мәселесін назардан тыс қалдыру мүмкін емес, өйткені ол климаттың өзгеруі проблемасына елеулі ықпал етеді.

Дегенмен, қауіп тек климаттық аспектілермен бітпейді. Пластмасса микропластиктерге және нанопластикаға баяу ыдырайды, олар біздің суда және жердегі ортада жиналып, адам денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Шешімі

Біз оң шешім көп рет қолданылатын пластикалық ыдыстарды енгізу деп санаймыз. Бір рет қолданылатын заттардан қайта пайдалануға болатын заттарға ауысу қоршаған ортаны қорғауға көмектесіп қана қоймай, үнемді болады. Осыған байланысты «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Эстонияның Экологиялық инвестициялық орталығымен (KIK) және MTU Topsiring серіктестігімен «Көп рет қолданылатын Topsiring шешімдерінің Қазақстан мен Грузияға экспорты» климаттық жобасының шеңберінде қайта пайдалануға болатын пластикалық ыдыстарды тарату жобасын жүзеге асырып отыр.

Біз бір рет қолданылатын ыдыс-аяқтарды пайдалануды азайтуға және соның нәтижесінде біздің қызметіміздің климат пен қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға тырысамыз. Біздің мақсатымыз пластикалық тәжірибені өзгерту және әрбір адам мен ұйымды өз таңдауы туралы ойлауға ынталандыру. Біз баршаңызды біздің планетамызды және болашақ ұрпақты қорғау үшін осы қозғалысқа қосылуға шақырамыз.





0,33л и 0,5л
көлемді стақандар

Стақандарға арналған
қақпақтар



Тағам салуға арналған
контейнерлер



Акциямызға қатысу үшін:

1-қадам: igtic.kz веб-сайтындағы жарнама мен брошюраны оқыңыз

«Бір рет қолданылатын ыдыстан бас тартыңыз» акциясының серіктесі болғыңыз келетінін білдірмес бұрын науқан мен оның мақсаттары туралы барлық ақпаратты мұқият зерттеңіз.

2-қадам: Өтінім формасын толтырыңыз

Өзіңіздің компанияңызды немесе ұйымыңызды таныстырып, айналысатын салаларыңыз бен құндылықтарыңыз туралы баяндаңыз. Сіздің бизнесіңізде қандай жасыл және тұрақты тәжірибелер бар екенін, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін айқындаңыз.

3-қадам: Ынтымақтастыққа деген көзқарасыңызды көрсетіңіз

Серіктес болғыңыз келетінін білдірген кезде, «Бір рет қолданылатын ыдыстан бас тарту» акциясы аясында IGTIC-пен ынтымақтастық туралы көзқарасыңызды нақты көрсетіңіз. Сіздің компанияңыз немесе ұйымыңыз науқанға қалай үлес қоса алатынын және бір рет қолданылатын ыдыс-аяқты пайдалануды азайту үшін қандай шаралар қабылдауды жоспарлап отырғаныңызды түсіндіріңіз.



4-қадам: Пластикалық ыдыстарды тарату және пайдалану

IGTIC-тен алынған қайта пайдалануға болатын пластик ыдыстарды қалай пайдаланудың немесе таратудың жоспарымен бөлісіңіз. Яғни, бұл ыдыстарды қолдануды қызметкерлер арасында енгізуді қалай қолға алатыңызды баяндаңыз

5-қадам: #IGTICreuse, #KIKreuse, #Topsiring челленджіне қатысыңыз және контент жасаңыз

Біздің орталықпен осы акция аясында серіктестік жасаудың міндетті шарты - #IGTICreuse, #KIKreuse, #Topsiring хэштегі бойынша челленджге қатысу. Компанияңызда немесе ұйымыңызда көп рет қолданылатын пластикалық ыдыстарды пайдалануды көрсететін суретке немесе видеоға түсіріңіз. Бұған қоса, идеяны насихаттау және экологиялық хабардарлықты арттыру үшін әлеуметтік желілерге арналған контентті белсене жасауға қатысыңыз.



Тарату арналары



Серіктестерімізбен бірге «Бір рет қолданылатын ыдыс-аяқтан бас тартыңыз» PR науқанды былайша жоспарлаймыз:

1. Әлеуметтік желілердегі челлендж (#IGTICreuse, #KIKreuse, #Topsiring хэштегімен серіктестерімізге эстафета беру арқылы қысқа видеолар);
2. Қайта пайдалануға болатын ыдыстарға ауысудың маңыздылығы туралы жазбалар сериясы;
3. Прогрессті қадағалау және науқан нәтижелері туралы есеп беру.
4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына одан әрі тарату үшін пластик ыдыстарды қайырымдылық қорларына беру

